

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

«29 наурыз

2017 жылғы

№ 198



Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі


«28 сәуір

2017 жылғы

№ 67

БҮЙРЫҚ және ҚАУЛЫ

«Өкімдердің нысандарын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы
№ 27 бүйрығына және Қазақстан
Республикасы Ұлттық Банкі
Басқармасының 2009 жылғы 27 ақпандағы
№ 16 қаулысына өзгерістер енгізу туралы



Қазақстан Республикасы Қаржы министрі **БҮЙЫРАДЫ** және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Өкімдердің нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы № 27 бүйрығына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 27 ақпандығы № 16 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5585 тіркелген, 2009 жылғы 3 сәуірінде «Заң» газетінде № 49 (1646) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 611-бабы 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» 2010 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 162-бабы 3-тармағына, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына, «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрі **БҮЙЫРАДЫ** және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**;»;

1-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«осы бұйрыққа және қаулыға З-қосымшаға сәйкес мемлекеттік кірістер органының әлеуметтік аударымдарды және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі.»;

көрсетілген бұйрықпен және қаулымен бекітілген мемлекеттік кірістер органының әлеуметтік аударымдарды және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімінің нысаны осы бұйрыққа және қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың және қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты және қаулыны мемлекеттік тіrkеген күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың және қаулының мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануын;

4) осы бұйрықтың және қаулының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық және қаулы 2017 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялану тиіс.

Казақстан Республикасының
Қаржы министрі
Б. Сұлтанов

Казақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
Д. Ақышев



Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 201⁷ жылғы «29» наурыз
 № 198 бүйрігіна және
 Қазақстан Республикасы
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 201⁷ жылғы «28» сәуір
 № 67 қаулысына
 қосымша

Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2009 жылғы 23 қаңтардағы
 № 27 бүйрігіна және
 Қазақстан Республикасының
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 2009 жылғы 27 ақпандадағы
 № 16 қаулысына
 3-қосымша

Нысан

**Мемлекеттік кірістер органының әлеуметтік аударымдарды және (немесе)
 міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдарды және
 (немесе) жарналарды төлеушінің банк шоттары бойынша шығыс
 операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі**

20 ___ жылғы «___» _____

№ _____

(банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге

асыратын ұйымның атауы, сәйкестендіру номірі (БСН), орналасқан орны)

ұсынылды.

«Міндettі әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі
 Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына, «Міндettі әлеуметтік
 медициналық сақтандыру туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан
 Республикасы Заңының 31-бабына, сондай-ақ міндettі әлеуметтік сақтандыру
 жүйесіне қатысушылардың тізімдерін және (немесе) міндettі әлеуметтік
 медициналық сақтандыру жүйесі жұмыскерлердің тізімдерін мемлекеттік
 кіrістер органына тапсыру туралы ___ жылғы «___» № ___
 хабарламаға сәйкес

(хабарламаны табыс ету күні)

(мемлекеттік кірістер органының атауы, сәйкестендіру нөмірі (БСН)

(хабарламаның мазмұны)

(занды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшесінің толық атауы немесе дара
кәсіпкердің, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың
және кәсіби медиатордың тегі, аты, экесінің аты (жеке басын күәландыру құжатында
көрсетілген жағдайда),

сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН), орналасқан орны)

банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша

(жеке сәйкестендіру коды)

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық
кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің
611-бабы 2-тармағында көзделген операцияларды және ақшаны алып қою
жағдайларын қоспағанда, барлық шығыс операциялары тоқтатыла тұрсын.

Мер орны _____

(Мемлекеттік орган басшысының тегі, аты, экесінің аты (ол болған жағдайда))

Осы өкім _____ жылғы «____» _____ табыс етілді.